Газет 1921 жылдың 1 маусымынан шығады

Панфилов ауданының “Жаркент өңірі” газеті 105

# Жаркент өңірі

№ 15 (9671)
ЖҰМА
17 СӘУІР
2026 ЖЫЛ

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет

jarkentoniri.kz
JARKENT_ONERI@MAIL.RU

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаевқа өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен алдағы жоспарлары туралы баяндалды.

Бейбіт Исабаев 2025 жылдың қорытындысы бойынша барлық негізгі мақсатты индикаторға қол жеткізілгенін айтты. Өңірге 610 миллиард теңге инвестиция тартылған, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 12,8 пайызға артық.

Президентке агроөнеркәсіп кешенін дамыту жоспары таныстырылды. Ауыл шаруашылығы дақылдары, соның ішінде қант қызылшасы алқабы кеңейді. Ақсу және Көксу қант зауыттарының өндірістік қуатын 2 есеге арттырып, 950 мың тоннаға жеткізу жұмыстары жүргізіліп жатыр. 2027 жылға дейін құны 94,4 миллиард теңге болатын 23 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Атап айтқанда, құс фабрикалары, мал бордақылау алаңдары, балық және жылыжай шаруашылықтары мен басқа да жобалар бар.

Өнеркәсіп саласында соңғы үш жылда 29 жаңа нысан іске қосылып, 7 кәсіпорын кеңейтілді, соның нәтижесінде 1841 жұмыс орны ашылды.

Мемлекет басшысына инфрақұрылымды дамыту жайында мәлімет берілді. Өңірді газдандыру деңгейі 67,2 пайызға жетті. «Талдықорған – Үшарал» магистральді газ құбыры тартылып, 650 мыңнан астам тұрғыны бар 210 елді мекен көгілдір отынға қол жеткізеді.

Облыстың туризм саласындағы мүмкіндіктерін кеңейту бағытында жұмыстар жалғасуда. Алакөл, Балқаш жағалауларында туристік нысандарға баратын жолдар салынып, ауыз су, электр желісі, кәріз жүйелері тартылды. Жағалауларды бекіту шаралары қолға алынды. Бұрқанбұлақ сарқырамасына апаратын 31 шақырымдық жол жаңартылып жатыр.

«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында өңірде үш экопарк салып, 121 мың ағаш егу көзделген.

Мемлекет басшысы облыс әкіміне Қытай Халық Республикасымен шекаралас «Достық» бекетіндегі және «Қорғас» арнайы экономикалық аймағындағы жұмыстарды тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ Алакөл, Балқаш көлдері жағалауындағы демалыс орындарын, тау туризмін қарқынды түрде дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

## ПРЕЗИДЕНТ ТАБЫСТАҒАН ПӘТЕРЛЕРГЕ ЖАС ҒАЛЫМДАР ҚОНЫСТАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымды дамыту және жас зерттеушілерді қолдау жөніндегі мемлекеттік саясат аясында Ғылым қызметкерлері күніне орай 10 жас ғалымға пәтер кілтін табыстады. Тұрғын үйлер Алматы және Астана қалаларынан өтеусіз негізде берілді.

Бүгінде Алматы қаласында баспана алған жас ғалымдар толық жабдықталған пәтерлерге қоныстанып үлгерді. Қоныс иелері жасалған қолайлы жағдайлардың ғылыми және кәсіби қызметке алаңсыз көңіл бөлуге мүмкіндік беретінін атап өтті. Жас зерттеушілер өздерінің шынайы қуаныштары мен мемлекетке деген ризашылықтарын білдірді.

Ғалымдарды марапаттау рәсімінде Мемлекет басшысы ғылымның әлеуеті елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың және халықаралық аренадағы беделін нығайтудың негізгі факторына айналып отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, ғылым мен білімге инвестиция салған мемлекеттер әлемде алдыңғы қатардан көрінеді. Сонымен қатар Президент отандық ғылымның болашағы жаңа идеялар ұсынып, ел дамуына серпін беретін дарынды, мақсатшыл әрі зияткер жас буынның қолында екеніне тоқталды.

Қазіргі таңда 600-ден астам жас ғалым баспанамен қамтылды. Бұдан бөлек, олар үшін арнайы гранттар қарастырылған, сондай-ақ біліктілікті арттыру және тәжірибе алмасу мақсатында әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өту мүмкіндіктері бар.

Жаңа пәтер иелерінің қатарында еліміздің жетекші ғылыми ұйымдарының өкілдері бар.

(Соңы.2 бетте).



### УАҚЫТ ЖӘНЕ БІЗ

9-33-05
9-33-06

## Ата мұрасы - асыл қазына

Жамбыл Жабаев –қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі дүниесінің әлемінде айрықша орны



бар тұлға. Қазақ поэзиясының алыбы, ғасыр жасаған жыр дүлдүлінің туғанына биыл-180 жыл.

Жамбыл - тек ақын ғана емес, ол – қазақ халқының тарихи жады, рухани тірегі, жүрегіндегі мәңгілік үні. Ол екі түрлі қоғамдық жүйені көрді. Патшалық кезеңді де, кеңестік дәуірді де бастан өткерді. Бірақ қай кезеңде де бар нәрсе өзгерген жоқ, ол – халыққа адалдығы, халықтың сөзімен сөйлеуі. Өзі: «Жамбыл - менің жай атым, халық менің шын атым» дегеніндей, шындықты жырлады. Жамбыл - заманға икемделген емес, заманмен бірге жасаған ақын. Сондықтан оның поэзиясы уақытпен шектелмейді.

## Медицина мекемелері көбейді

Ауданды дамыту барысында әлеуметтік нысандардың құрылысына ерекше маңыз беріледі. Яғни, тұрғындар санының жыл сайын қарқынды өсуіне байланысты денсаулық сақтау және білім беру мекемелері көбеймек. Алдағы жылда ауданда бірнеше жаңа медицина нысанының құрылысы жүргізіледі.

## Сыбайлас жемқорлықпен күрес – қоғам талабы

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Өкінішке қарай, сыбайлас жемқорлық әлі де біздің қоғамның ауыр дерті болып отыр. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттердің көпшілігінде бар. Қазақстан да одан сырт қалған жоқ. Онымен қалай күресіп жатыр немесе қалай әшкерелеп отыр – ол басқа мәселе», деп атап өтті.

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық ауқымдылығына ғана байланысты ерекшеленеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – қоғам талабы. Мінсіз қоғам – жемқорлықсыз қоғам, салауатты өмір – парақорларсыз өмір, мықты мемлекет – жемқорларсыз мемлекет. Еліміз елу елдің қатарына ену үшін аяқ басқанда айналамыздығы ашкөз алаяқтардан аластап, қоғамды тазарту – азаматтық міндетіміз.

Қазақстан Президенті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін айтты. Бұл бағытта бірқатар маңызды міндет атқарылған, атап айтқанда, Қазақстан халықаралық ГРЕКО ұйымына мүше болды, қарамағындағы қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа қатысы анықталған жағдайда оның басшысының қызметінен босатылуы заңмен бекітілді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін заңнамамен сараптау жұмыстары күшейтілді.

«Сыбайлас жемқорлықтың себебі мен шарттарын жоймай онымен күресу, бұл – жел диірменмен алысу. Халық әлдебір шенеуніктің немесе басшының жай жауапкершілікке тартылғанын көріп қана қоймай, ол жұмыс істеген мемлекеттік мекемеде енді мұндай жағдайдың қайталанбайтынын дәлелдейтін түбегейлі өзгерістердің орын алғанына куә болуы керек. Әзірге мен мұндай кешенді және түбегейлі жұмысты көріп отырған жоқпын. Шенеуніктер шеңбер жасап, бірінен кейін бірі ауысып жатыр. Ал жүйелі проблемалар шешілмеген күйі тұр», деді Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөнінде кеңесте сөйлеген сөзінде.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өз құқығын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып отыр.

Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағытталып отырған, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлық тек құқық бұзушылық емес. Бұл мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді төмендетеді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіреді. Сондықтан мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігіп, әрекет етуі керек.

**Еркебұлан АҚБОЛАТОВ,**
**Панфилов ауданы әкімінің орынбасары.**

## АЛАЯҚҚА АЛДАНБА

Елімізде соңғы жылдары байланыс құралдары мен интернет технологиясын қолдана отырып жасалған алаяқтық қылмыстары күн санап өсуде, алаяқтар иемденген қаражаттарының мөлшері кейде миллиондаған теңгені құрайды.

Байланыс құралдары арқылы жасалатын алаяқтықтың ең көп таралған түрі – ол банктік есеп-шоттағы ақшаны басқа есепшотқа аудару арқылы иемдену, бұл қылмыс схемасы қарапайым және келесідей:

- қылмыскерлер ұялы телефонмен қоңырау шалып, өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, есеп-шотындағы қаражатқа алаяқтық әрекет жасалып жатыр деп сендіріп, соны тоқтату үшін, банк картасының деректемелерін, яғни нөмірін, пин-кодын және картаның келесі бетіндегі соңғы үш нөмірін хабарлауды ұсынады немесе осындай тәсілмен «Any desk» арнайы қосымшасын ұялы телефонға жүктетіп, рұқсат ала отырып, онлайн несие рәсімдеу арқылы, қаражатты өзге есеп-шотқа аудартып иемденеді.

Алаяқтар бұндай айла-тәсілдерімен аудан тұрғындарын да алдап соғуда. А.ж. 3 айында аудан көлемінде алаяқтар интернет желісі арқылы алдау жолымен аудан тұрғындарының ақша қаражаттарын иемдену жағдайлары бойынша 4 қылмыстық іс басталса, 2022 жылы ауданда тіркелген алаяқтықпен байланысты 28 қылмыстың, 24-і осы интернет желісі арқылы жасалған алаяқтықтар болып отыр.

Олардың ішінде шағын несиелік ұйымдардың («Creditum», «Sofi Finance», «Mobei Man», «ПервоеКредитноеБюро») сайттары арқылы онлайн түрде несие рәсімдеу арқылы жасалған алаяқтықтарда бар. Бұл қылмыс түрін жасаудың басқа жағдайларында зардап шеккен тұлғалар әлеуметтік желілер арқылы («Instagram», «Kolesa.kz», «OLX», «WhatsApp») белгілі бір затқа тапсырыс беру барысында алдын ала қаражаттарын аударумен орын алған.

Бүгінде интернет желісімен жасалған алаяқтық қылмыстарын тергеу барысы айтарлықтай қиындықтар туғызуда, сол себепті көптеген қылмыстар бойынша кінәлі тұлғалар анықталмай, олар қылмыстық жауапкершіліктен жалтарып кетуде.

Сондықтан, алаяқтардың құрбаны болмас үшін келесі қарапайым ережелерді сақтау қажет:

- банктік картаңыз бойынша қандай-да болсын проблемалық жағдай туралы мәлімдеген банк қызметкері қоңырау шалған жағдайда, әңгімені үзіп, картаңызда көрсетілген нөмір бойынша банкке қайта қоңырау шалыңыз, өйткені банк қызметкерлері Сіздің карта немесе есеп-шотыңыз туралы жеке мәліметті ешқашан сұрамайды;
- банк картасының деректемелерін және операцияны растау туралы арнайы кодты ешкімге айтпаңыз;
- егер Сіз мобильді банк қызметін пайдаланбайтын болсаңыз, ұялы телефонды жоғалтып алған немесе нөмірді ауыстырған кезде, шұғыл түрде қызметті өшіріңіз;
- интернет желісі арқылы белгілі бір затқа тапсырыс берген жағдайда, сенімді сатушы екеніне алдын ала көз жеткізіңіз.

Бұдан басқа, күмән туғызатын қандайда болмасын жағдайлар туындаған кезде, алаяқтардың арбауына түсіп қалмай, сақ болайық.

**Б.ТЛЕУХАН.**

Жағымды жаңалық

## Бабалар паркі жанданады

Бұрынғы “Суан баба” паркін одан ары кеңейтіп, заманауи түрде “Бабалар паркі” деп жаңғырту жұмыстарының жобасы бүгінде қолға алынды. Ауданымыздың белсенді тұрғындары мен тарихшы, этнограф мамандар, ақсақалдар және этно-мәдени орталықтар, басқа да қоғамдық ұйымның өкілдеріне парктің негізгі аумағы, ондағы архитектуралық көріністер мен парк аумағында салынатын болжамды жобалары көрсетілген алғашқы басқосу аудан әкімдігінде өтті.

Негізінен жоба жетекшілері ауданымыздан шыққан танымал осы салада еліміздің түкпір-түкпірінде парктер мен ескерткіш, мүсін жобаларымен айналысқан кәсіби азаматтар. Бұндағы барлығы архитектуралық көріністер мен ескерткіш қазақ тарихы мәдениетінен дәстүр мен байырғы бабаларымыздың ізінен сыр шертеді. Парк аумағындағы нысандарының әр детальына назар аударылған. Ондағы геомертиялық орналасуы дәлдікпен және бір-біріне ұшастырылып қойылған. Бұнда әр нысан ауданның тарихынан сыр шертіп, қазақтың тарихы мен бай мұрасынан көріністер береді.

Ұсынылған алғашқы жобада саябаққа кіре беріс қақпада қазақы дәстүр өрнегімен ақ босаға іспеттес арка, бұрынғы стелла алдына ескерткіші, жасжұбайларға арналған ақ отау, парк ортасына амфитеатр, музей, кітапхана сынды маңызды нысандар қарастырылған. Бұдан бөлек, су бұрқақ, балалар ойын алаңдары, ересектерге арналған жаттығу алаңы мен комерциялық нүктелер, полиция бекеті, тарихтан сыр шертетін аллея мен парк шетінде жаяу және велосипедке арналған жолдар қарастырылған.

Жалпы бұл ұсынылған алғашқы жоба ғана.

Әр нысанның тарихи мәні мен орналасу реті таныстырылды. Ақсақалдар мен азаматтар тарихшы басқа да мамандар жобаға қосымша туристік нысандар мен жалпы мемлекетіміздің тарихынан сыр шертетін қосымша бөліктерге назар аудару қажеттігін жеткізді.

Сондай-ақ, саябақ аумағы кең болуын болашақта ұлттық мерекелерді өткізуге киіз үй тігуге арналған алаңдар мен қосымша татулық пен дәстүрдің көріністері орын алатын нысандар болса деген ұсыныстар айтылды.

Жоба ары қарай кеңейтіліп, тағы да талқылау мен ұсыныстар бойынша жұмыстар жүргізілетін болады.

## БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ

Бүгінде буллинг әлем мектептерінде кеңінен таралып отыр. Буллинг сөзі ағылшын тілінің bully, яғни қорқыту ұғымын береді. Бұл физикалық агрессияны ғана емес, психологиялық қысым, қорқыту, тартып алу, қорлау дегенді білдіреді. Мұндай теріс әрекеттер физикалық байланыс, сөздер немесе басқа да әдістер түрінде болуы мүмкін. Мысалы, бет көрінісін өзгерту немесе әдепсіз қимыл, сондай-ақ буллингтің құрбанын топтан, қауымдастықтан әдейі шығарып тастауға ұмтылу.

Бір жылдан аса уақыт бұрын еліміздегі Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының «Мектеп жасындағы балалардың денсаулыққа қатысты мінезқұлқы» («Health behaviour in school-aged children») тақырыбындағы зерттеу тобы жасөспірімдер арасындағы денсаулық пен әл-ауқат көрсеткіштерін зерделеу мақсатында қазақстандық оқушылар арасында сауалдама жүргізді. Зерттеу тобы мұндай көрсеткіштерді әр 4 жыл сайын жинап зерттейді.

Мектеп оқушыларына сауалдама жүргізу барысында, соңғы екі айда олардың буллингке немесе кибербуллингке қаншалықты жиі қатысқаны, өздері оның құрбандарына айналғаны жайлы сұрақтар қойылды. ДСҰО зерттеу тобы ғалымдарының айтуынша, буллинг құрбандарының да, қатысушыларының да ілеспе және болашақта психикалық денсаулыққа байланысты проблемалары бар. Белгілі болғандай, 11-15 жастағы жасөспірімдердің 17%-ы мектепте айына бір немесе бірнеше рет буллинг құрбаны болған. Бұл ретте ауылдықтармен салыстырғанда қала оқушылары жиі зардап шегетінін айта кеткен абзал. Ұлдар мен қыздар арасында буллингтің таралуы 15 жасқа жақындағанда азаяды.

Мектепте басқа адамдардың буллингіне айына бір немесе бірнеше рет 11-15 жастағы жасөспірімдердің 20%-ы қатысты. Осы мінез-құлықтың таралуы 11 және 13 жастағы ер балалар арасында ең жоғары көрсеткішке ие екен. Сонымен қатар жаңа технологияларды дамытумен және әлеуметтік желілерді танымал етумен буллингтің жаңа түрі кибербуллинг пайда болды.

Кибербуллинг мысалдарына қорлау хабарламаларын жіберу (мәтін немесе интернет арқылы), әлеуметтік желілерде елемеушілік пікірлерді жариялау, кемсіту фотосуреттерін орналастыру, сондай-ақ электронды нысанда біреуді қорқыту жатады.

Кибербуллинг депрессия, үрей, өзін-өзі төмен бағалау, эмоционалдық бұзылулар, психобелсенді заттарды қолдану және суицидтік мінезқұлық сияқты психикалық денсаулық пен күрделі проблемаларды дамытуға ықпал ете отырып, жасөспірімдердің денсаулығына теріс әсер етеді. Бүгінде 11-15 жастағы жасөспірімдердің 12%-ы кем дегенде бір рет немесе одан да көп кибербуллингке ұшырағаны белгілі болды.

Кем дегенде бір рет басқа адамдарды кибербуллинг құрбаны етуге жасөспірімдердің 11%-ы қатысқан. Айта кетерлігі, мұндай мінез-құлық ұлдар арасында кең таралған.

Ғалымдардың пікірінше, буллингті мектеп деңгейінде төмендету шаралары буллингтің алдын алу бойынша бағдарламаларды енгізуді, ата-аналарды тартуды, тәртіптік әдістерді қолдануды, мектептегі әлеуметтік ахуалды жақсартуды, балаларды қадағалауды қамтиды.

Ұлттық деңгейде кешенді стратегиялар мен алдын алу бағдарламалары, жоғары ақпараттандыру, сондай-ақ буллинг пен кибербуллинг құрбандарына қолдау көрсету қызметін дамыту маңызды.

ДСҰО зерттеу тобы ғалымдарының пікірінше, зорлықзомбылықтың алдын алу және денсаулық сақтау қызметтерінің өзара іс-қимылын жақсарту және зорлық-зомбылыққа қатысты қолданыстағы заңдарды бағалау буллинг пен кибербуллингке қарсы күрестің негізгі құрамдас бөлігі саналады.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ.**

## Бір сөйлеммен

- Биыл Жетісу облысына 2 миллионнан астам турист келеді деген болжам бар.
- Жаркент қаласындағы көпқабатты тұрғын үйге ағымдағы жөндеу басталды.
- «Өнерім-өмірім» атты ардагерлер арасындағы өнер фестивалі Айдарлы ауылдық округінде жоғары деңгейде өтті.
- Ауданымызда «Таза Қазақстан» экологиялық акция аясында сенбілік жұмыстары әр апта сайын өтуде.
- Ардагерлердің бос уақытын тиімді пайдаланып, жастарға ата-әже буынын насихаттау арқылы ұлттық мәдениетті өркендету мақсатында Қоңырөлең округінде «Өнерім-өмірім» атты ардагерлер өнер фестивалі өтті.
- Жаркент қаласында туристер мен қонақтарға қызмет көрсететін бес жұлдызды заманауи қонақ үй пайдалануға берілді.
- Жетісуда кене маусымы басталып, 13 адам медициналық көмекке жүгінді.
- Жаркент қаласындағы шыға беріс аумақта салынатын «Бабалар паркі» бойынша алғашқы талқылау өтті.

Цифрландыру

### «Төрт түлік» іске қосылды

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті Агроөнеркәсіптік кешеніндегі экономикалық саясатты талдау орталығымен бірге ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне арналған «төрт түлік» мобильді қосымшасын әзірледі.

«Tort tulik» мобильді қосымшасы ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне шаруашылықты қолайлы жүргізу мақсатында әзірленген. Мобильді қосымша арқылы ауыл шаруашылығы жануарларын есепке қою, шығару, сату немесе сою кезінде жүргізілетін рәсімдерді жеңілдетуге, сондай-ақ ветеринарлық құжаттарды онлайн түрде алуға мүмкіндік береді.

### Газдандыру көрсеткіші жоғары

Биыл Панфилов ауданындағы жүз мыңнан астам адам табиғи газ тұтыну мүмкіндігіне ие болады.

Қазір шекаралық аймақтағы 13 ауылдың көшелерінде құбыр тартылып, тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Құрылыс аяқталғанда ауданды газдандыру көрсеткіші 85 пайызға жетеді.

Жалпы Жетісу облысындағы 110 ауыл көгілдір отын тұтынады. Аймақты газдандырудың кешенді жоспарына сәйкес, 2030 жылға дейін тағы жүз ауылға табиғи газ тартылып, әркениет игілігін пайдаланатын елді мекендер саны 210-ға жеткізілуі тиіс.

## Керек кеңес

### ЖҮРЕГІҢІЗ жиі соға ма?



Жүрек соғысы жиіленген кезде 4 литр суға 4 грамм жанаргүл (адония)шөбін салып, баяу отта 3 минут қайнатасыз, оттан алғаннан кейін бетін жауып жылы жерге 20 минут қоясыз. Мұны күніне 3 рет 1 ас қасықпен ішу керек.

Бірнеше күн өткеннен кейін жүрек соғысы қалыпқа түсіп, әсер байқала бастайды.

### ҚҰРМАНЫҢ қандай пайдасы бар?



Зерттеушілердің айтуынша құрма лифминерал, фенол тұрғысынан әрі натрий, калий, магний, кальций, темір, фосфат секілді минералдарға өте бай.

Жас құрма теріге оң ықпал етеді. Қатерлі ісіктен (рак) сақтайды.

Жүйке жүйесінің шаршауын басады. Мидың жұмыс істеу қабілетін күшейтеді. Ас қорытуға да пайдалы.

### ҚАПЕРІҢІЗДЕ ЖҮРСІН

- Би - ми жұмысын арттырады.
- Салат жапырағы ішек жолдарының жұмысын реттеп, ағзадағы холестеринді шығарады.
- Семіздік не май басу адам өмірін 4 жылға қысқартады.
- Жаңғақ пен сұлыда В1 дәрумені бар.

### ДҮНИЕ - ДҮРМЕК

Дүние жүзіндегі ең бойы ұзындар голландиялықтар болып есептеледі, ал ең қысқа халық - жапондар.



1 метр куб ағаштан 0,5 миллион тіс щеткасы жасалады.

# АСТЫҢДАҒЫ ТАҒЫҢМЕН ЕМЕС,

## кесек мінезіңмен де басқаларға сүйкімді бола білгенге не жетсін

**«Е, ЖАРАТҚАН ИЕМ, ӨЗІМЕ АТҚАРА АЛАТЫН ҚОЛЫМНАН КЕЛЕТІН ІС БЕР, ҚОЛЫМНАН КЕЛЕТІН ІС ПЕН ҚОЛЫМНАН КЕЛМЕЙТІН ІСТІ АЖЫРАТА АЛАТЫН АҚЫЛ БЕР, ҚОЛЫМНАН КЕЛМЕЙТІН ІСТЕН БАС ТАРТА АЛАТЫН ЕРІК-ЖІГЕР, ҚУАТ БЕР» ДЕП ЖАЗЫЛҒАН ЕЖЕЛГІ ҮНДІ ДАНАЛЫҒЫНДА. КӨҢІЛГЕ ТҮЙІП ҰСТАЙТЫН ҚАНАТТЫ СӨЗДІ ОҚЫП ТЕРЕҢ ОЙҒА ҚАЛДЫМ. ДӘЛ БІЗДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ АРНАП АЙТЫЛҒАНДАЙ.**



Мемлекеттік қызмет істеу - бүл күнде үлкен мәртебе. Халықпен қоян-қолтық араласып, қмірді, оның мәнін көпшіліктің өздерінен ұғынасың. Жаман мен жақсыны,адалдық, оның қадір – қасиетін жан–жүрегіңмен сезінесің. Көкірегіңе тоқи білесің.

Мемлекеттік қызмет, оның этикасы туралы «Ар-намыс» кодексінде жақсы айтылған. Бірақ өмірдің өзі ешбір заңға сыймайтыны тәрізді мемлекеттік қызмет этикасында да қағазға қондыруға көнбейтін, әрбір адам өзінің арұятына қарай жеке дара шешім қабылдайтын тұстары бар. Білім деңгейі сияқты сана биіктігі, ар ождан өлшемі ғана жауап бере алады оған.

Тектілік пен кісіліктің ауылына жақын қонатын, мемлекеттік қызмет этикасының өлшемі бола алатын, адамның кесек ісі арқылы байқалатын осындай асыл қасиеттер көп мемлекеттік қызметкерлердің бойынан жиі байқала бермейді.

Мемлекеттік қызмет неғұрлым жоғары болған сайын патша тағы сияқты соғұрлым тәтті бола түсетіні күмәнсіз. Ондай жаныңа қуат, өзіңе абырой әкелетін ләззаттан өз еркіңмен бас тарту үшін бойыңда жоғарыдағы үнді нақылында айтылғандай жаратқан иеміз берген ерекше ерік-жігер, қуат болуы керек. Ол, әрине, әркімнің бойында табыла бермейді.

Қызмет этикасы адамның бойына алған терең білім және жылдар бойы өзін-өзі тәрбиелеу арқылы қалыптасады. Алдыңа келген адамдарды кішіпейілділікпен қабылдап қана қоймай, оларды сабырлықпен тыңдап, қолыңнан келгенше жәрдемдесу,тіпті, келген шаруасы шешілмеген жағдайдың өзінде сөзбен болса да қолдау көрсетіп, еңсесін көтеріп жіберу-әрбір мемлекеттік қызметкер үшін парыз болуы шарт.

Қызметке келу бар да, жасы келгенде абыроймен кету бар.Міне, осы жағынан келгенде аздап мүдіріп қалатынымыз бар.

Қызметтің де адамдардың бір–бірімен жақындастыратын, бірге туған бауырлардай араластын жақсы жақтары бар. Мұны тамыр-таныстық десек те, сыбайластыққа жатқызуға болмайды. Міне, осындай қазақы мінезіміз, көңілжықпастығымыз мемлекеттік қызметте де анық байқалады.

Алпыс үш жас онай емес. Денсаулық болса 60-65 жас дегенің де түк емес тәрізді. Жалпы ұзақ жасауға бейім адамдар бұл күнде қоғамымыздың әр түрлі саласында да кездеседі. Әлі денсаулығым көтереді деп, зейнетке шықса да бірінші басшылықтан айырылғысы келмеу біреулер үшін дұрыс та шығар.Бірақ мемлекеттік қызмет этикасына қаншалықты сияды?...

Оны ешкім де дәл кесіп айта алмайды. Бұл да моральдық кодекспен белгіленбейтін, әрбір адамның жеке ұстаным, көзқарасымен өлшенетін нәрсе.

Жастар саясаты мәселесі қозғалғанда кадр мәселесін айтпай және өте алмаймыз. Бұл екеуі бір-бірінен ажырағысыз егіз ұғым. Бұдан зейнет жасына жеттің болды, одан әрі қызмет істеме деген ой тумауы керек. Ол әркімнің құқы.

Мойындауымыз керек, мемлекеттік қызмет этикасы қоғамымызда әлі толық қалыптасып үлгерген жоқ. Жасына қарай өз орнын ажырата білуге де білім, санамен қоса айрықша ерік- жігер керек. Мәселен, дарынды хирург бас дәрігер болғаннан да өз мамандығы бойынша халыққа көбірек пайда келтіреді. Шебер қызметші өз саласы бойынша шығармашылық ізденіс арқылы керемет туындылар жасай алады. Сол сияқты талантты педагог та қарапайым ұстаз ретінде шәкірттерінің есінде мәңгілік қалады. Оны атақты бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби өмірі мен шығармаларын оқығаннан кейін айтып отырмыз. Аристотелі атанған дана тұлға ұлы шығармаларын бақ кутушісі болып жүріп жазған екен.

Ұлы ақын Н.Некрасоы»Ақын болу міндетті емес, азамат болу-парызың!»- деп айтқандай қандай қызметте, қандай ортада болсын адамдық, кісілік келбетімізден ешқашан айнымасақ екен!.. Адамның абыройының алдында, біле білсек, биік лауазым ғана емес, патша тағының өзі түкке тұрмайды.

**Бағдат АЙТМҰҚАЕВА.**

# Қазір халық ән айта ма?

Қазақ о бастан қонақсыз отырмаған, мейрам кезінде айтпағанның өзінде апта сайын болмаса да айына қонақ күтпейтін шаңырақ жоқтың қасы. «Күнде жиын, күнде той» қазаққа ғана тән секілді. Қазір қонақтар мен тойдумандардағы отырыстарға назар салсақ, бұрынғыдай қазақы әндер шырқалмайды. Әсіресе қонақкәде айтыла бермейді. Арнайы шақырылған әншілер өнер көрсетеді. Бұрын дастарқан басындағы қуанышқа жиналған ағайын ауылдың алты ауызын сұрайтын. Қазір бұл ұмыт бола бастады ма, әлде қазақы әнді айтуға құлқымыз болмай кетті ме? Ойланатын мәселе.

Ән айту - тек көңіл көтеру ғана емес, ұрпақты тәрбиелейтін, рухты көтеретін, ұлттық болмысты сақтайын баба дәстүрі. Бүгінде бұл үрдістің әлсіреуіне қандай себеп болғаны беймәлім, әйтеуір дастарқан басында ән айтылмайтын болды.

Жиын-тойларға жиі барамын. Тек ақысын төлеп шақырған әншілер шырқайды. Асаба да ақылы. Шынында, қарапайым халық ән айта бермейді. Қонақтарда ән айтудың орнына телефоннан немесе колонкадан қосылған жақсы әндер ғана қойылады. Соған етіміз үйреніп кеткен сыңайлы. Жасырып қайтемін, жастар арасында қазақ әндерін толық білетін, домбыра тарта алатындарды азаюы да әсер етуі мүмкін. Қазір аспапқа үйірлеп жатқан жастарды көп байқай бермеймін. Ол аз десеңіз, достарымызбен жиналған кезде трендтен аса алмай қалдық. Қазіргі қызық сол болып жатыр,-деді қала тұрғыны Қ.Оразбаева.

Рас уақыттың өзгеруімен бірге талғамның да өзгеруі әсер етсе керек, қазір тренд көбейді.

Шағын отырыстарды айтасыз, қазір үлкен тойлардың өзінде қонаққәде сұрамайды. Қазақы әндер шырқалмайды. Есті әндер естен шығып кетті. Шәмшінің әндері бұрын жиі шырқалатын еді, қазір олардың орнын ЖИ (жасанды интеллект) басты. Басқосуларда бір ән салуды ұмыттық. Ән - көңілдің ажары еді. Ән салмақ түгілі барған қонақтан ерте кетуге асығып отырамыз. Себебі ән айтуды айтасың, әңгіме айтылмайтын болды. Телефонға телміріп отырады. Қасірет пе, қасірет,- дейді М.Жәкейұлы.

-Қазақтың халық әндері және одан бергі Шәмші, Әблахат, Ескендір ағаларымыздың әндері ұлттық мұрамыз еді. Ұлттық идеологиядан алыстап бара жатырмыз,-дейді Қ.Жүнісов.

Қалай болған күнде де, ән –халықтың жаны, жүрегі. Ән айтылған жерде рух та, тәрбие де бар. Біз көз көріп, құлақ естігенді ғана қағаз бетіне түсірдік, бұл жайында ойлы оқырман не дер екен?...

**Әзірлеген: Б.БЕЙСЕНҚЫЗЫ.**



# ҚАРТТАРЫМ, АМАН - САУ ЖҮРШІ...

## Атамның айтқандары

- Жазғы салқыннан жаныңды аяма
- Ешқашан да ешкімді жамандама. Ең жаман деген адамның да өз жақсылығы болады.
- Қыз көйлегінің етегі тізеден жоғары болмауы керек.
- Ешкіммен барқылдап ұрыспа, бағаңды жоясың.
- Қарқылдап күліп, тарқылдап сөйлеу даракылықтың белгісі.
- Кемшіліксіз кісі болмайды, оны көруден оңай жоқ. Кісі кемшілігін тез көруге емес, тез түзетуге көмектес.
- Қызға қатты күлудің қажеті жоқ, жымиғаны да жетіп жатыр.
- Ауыз шешендік әркімде болады. Әсіресе, аузы сүйреңдеп, көп сөйлемегені абзал.
- Шошаңдаған қыз шешенің атына кір келтіреді.
- Баласы арақ ішсе, шешесі у ішеді. Маскүнем, жаман бала жақсы шешені ажалынан бұрын көрге кіргізеді.
- Еркекке жүрек керек, әйелге тіреу керек.
- Ел сыйларлық бағаң болмаса, елге аға болдым деме.
- Жақсы адам - магнит. Магнит бірнеше шегені өзіне тарта алатын сияқты, жақсы адамның да жанына жұрт үйіріледі.

**Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ.**

# Қартаю - ортаю емес

## немесе үлкендерде де үлкен бар, ақсақалы бір бөлек

**«Ата көрген оқ жонар, ене көрген тон пішер», «Атасын сыйлағанның баласын сыйла», «Қартаю - ортаю емес», «Шежірелі қартың болса қағазға жазған хатпен тең, қарттың сөзі кітапқа жақын»,-деп атам қазақ жасы ұлғайған адамдар туралы ізгі ой-пікірлер қалдырған.**

Ойланып, өмір құбылыстарын ой елегінен өткізсек, үлкен кісілерді үш топқа бөлуге болады: ақсақалдар, қарт-қариялар,



шалдар. Қазақта мағынасы тереңде жатқан «Жылқыда да жылқы бар қазанаты бір бөлек, жігітте де жігіт бар азаматы бір бөлек» деген мәтелді жасы жеткендерге салыстырмалы айтсақ үлкендер де үлкен бар, ақсақалы бір бөлек» деуге болады.

Ақсақал әрине, сыртқы бейнесі тартымды, өмірде көргені мен көңілге түйгені мол адам. «Келбет келгеннен кеңес сұра» дейді халқымыз.

Сөйлеген сөздері сүйкімді, сақал-мұрты ағарған, мінезінде көсемдік, байсалдылық, кейдесін жоғары ұстайтын, аз сөйлейтін мағыналы әңгіме айта білетін, сөзін тыңдаушы, халыққа ұғындыра білетін, ал өзі де ықыласымен тыңдайтын кісі. Оның бірінші мақсаты - Отанның, қазақ елінің қамы, оның ішінде ұлтымыздың тағдыры, қоғамдық, саяси әлеуметтік жағдайын есінде сақтап, оған дұрыс, әділетті бағасын беріп, басын біріктіріп, мәселені шешуге жұмылдырып отырған. Ақсақалдардың мақалы «төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді», яғни олар ел бірлігін жоғары қойған жандар. Сондықтан да қазақ қауымы қарияларын, ақсақалдарын қашанда ұстаз санаған, пір тұтқан.

Ертедегі бір ойшылдың аталы сөзі ойға оралады: «Егер де мемлекет пен қоғамның қандай екенін білгің келсе, әуелі олардың балалар мен ақсақалдарға жасаған жағдайларына қарап бағала».

Зерттеулер көрсеткендей адамның жасы егде тарта бастаған сайын мейірімі арта түседі. Мейірімділік адам бойындағы ең ұлы қасиет. Сол себепті, адамның қартайған шағы кемшілік емес, кеңшілік кезеңі.

Қарттардың даналығын біз мардымсыз пайдаланамыз. «Шежірелі қартың болса, қағазға жазған хатпен тең, қарттың сөзі кітапқа жақын» деген Шал Құлеке ақынның ұлағаты бүгінде өміршең.

Өйткені «адамның күні адаммен, рухани ерліктің түп-төркіні, туыс-бөрі адамның бір-біріне деген мейірбан, жанашырлығынан, шексіз сүйіспеншілігінен туындайтыны өмір заңы.

Зиялы қарттар, сіздер аман болыңыздар.

**Бағдат БЕЙСЕНҚЫЗЫ.**



## Өлең-өрім

# Қасиетті қара шал

Қатпарланған қара шал,
Текті қазақ баласы ол.
Ғасырлардан жалғасқан
Шежіренің данасы ол.

Саналы жан қара шал,
Салт-дәстүрдің киесі ол.
Бағалы жан қара шал
Бақытты елдің иесі ол.

Қара шалдың қадірін
Ұлғайған соң білерсің.
Сыйлап үлгі алмасаң
Сағың сынып жүрерсің.

Өсер елдің баласы
Қара шалдан үлгі алар.
Ұлағатын ұқсандар
Маңдайыңа нұр жанар.

Әке көрген тозбайды,
Қара шалды таңдасаң.
Қазақтан ешкім озбайды,
Кенеден сөз қозғасаң.

Қарттардың бірі мен едім,
Өмірім - өзен, жыр - дастан.
Менде арман жоқ шығар,
Түйіні мәнді сырды ашқан!

**Д.СЕРІКҚАЛИҰЛЫ,**
**ардагер**

## Ойтүркі

# Ақсақал ма, абыз ба?!...

**«Қарты бар елдің қазынасы бар. Қызы бар елдің базынасы бар» деп тегіннен тегін айтылмаса керек-ті. Бір отбасының бәйтерегі болып, ұрпағына өнегесін айтып отыратын ақсақалдардың орны қашан да ерек. Тіпті, қариясыз үйді елестетудің өзі қиын. Ата тәрбиесін көріп, өсиет сөзін естіп, қасиетін бойына сіңірген бала түбінде жаман болмасы анық.**

Осы қарт, қария, шал сөздері жалпы бір мағынаны білдіргенімен, әрқайсысының жұмсалу орны бар екен. Тіпті, ақсақал деп бастаған сөйлемімнің өзінде біресе ата деп, біресе ақсақал деп, оның бірнеше формасын айтып өттім. Біз мұның ара - жігін ажыратып жүрміз бе? Бауыржан атамыздан әулие ешкім



жоқ шығар. Расында, біз осы күндері қария мен ақсақалдың айырмашылығын білмей жүрген жайымыз бар. Бауыржан Момышұлы атамыз жасы үлкен қарттарды:- шал, қария, ақсақал және абыз деп төртке бөлген. Отбасы, ошақ қасынан ұзап шыға алмай, түтін аңдып, үй аралап, саяси өсек айтатын қарт - шал. Өз әулетін шашау шығармай уысында ұстап билік жүргізген қартты –қария деп, тұтас бір ауылдың жыртығын бүтіндеп, айдынын асырып отырған қартты - ақсақал деп, елдің дау-дамайын шешіп, арғы-бергі тарихтан әңгіме қозғап, тұла бойынан ұлттық рух, ізгі қасиеттерді молынан сіңірген қартты - абыз деп атаған екен.

**(интернет ресурсынан алынды).**

# 97 жастағы атамның ақ батасы



Әумин десең, маған
Қолыңды жәй,
Бата берейін саған!
Құдайдың өзі сөйтіп қолдасын!
Бес жүз саулық қоздасын,
Сексен інген боталап,
Сегіз келін қолдасын.
Айдап келген жылқыңнан
Алпыс айғыр азынасын
Жиып келген түйеңнен
Жетпіс інген боздасын
Өзіңнен байлық озбасын!

## Ақпараттық хабарландыру

**Панфилов ауданының әкімдігі 2026 жылдың 09 маусымында сағат 10.00-де Жаркент қаласы, Головацкий көшесі 129, 2-қабат 200 кабинетте шаруа немесе фермер қожалығын ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізеді**

| № лоттар | Орналасқан жері | Алаңы, га. | а/ш жерінің түрі, балл бонитеті | Жалға беру мерзімі | Су көздерімен қамтасыз етілуі | Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қоңырөлең ауылдық округі | 250,0 | Жайылым,10,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 2 | Қоңырөлең ауылдық округі | 250,0 | Жайылым,8,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 3 | Қоңырөлең ауылдық округі | 250,0 | Жайылым,2,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 4 | Қоңырөлең ауылдық округі | 275,0 | Жайылым,4,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 5 | Қоңырөлең ауылдық округі | 300,0 | Жайылым,2,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 6 | Қоңырөлең ауылдық округі | 124,0 | Жайылым,13,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 7 | Қоңырөлең ауылдық округі | 300,0 | Жайылым,2,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 8 | Қоңырөлең ауылдық округі | 300,0 | Жайылым 9,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 9 | Қоңырөлең ауылдық округі | 250,0 | Жайылым,2,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 10 | Қоңырөлең ауылдық округі | 250,0 | Жайылым,9,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 11 | Қоңырөлең ауылдық округі | 250,0 | Жайылым,12,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 12 | Қоңырөлең ауылдық округі | 155,0 | Жайылым,9,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 13 | Қоңырөлең ауылдық округі | 3,0 | Суармалы егістік,8,0 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 14 | Қоңырөлең ауылдық округі | 1,5 | Суармалы егістік,5,0 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 15 | Қоңырөлең ауылдық округі | 2,2 | Суармалы егістік,5,0 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 16 | Қоңырөлең ауылдық округі | 5,0 | Суармалы егістік,5,0 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 17 | Қоңырөлең ауылдық округі | 1,5 | Суармалы егістік,21,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 18 | Қоңырөлең ауылдық округі | 10,0 | Суармалы егістік,49,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 19 | Қоңырөлең ауылдық округі | 1,1 | Шабындық, 26,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 20 | Қоңырөлең ауылдық округі | 0,96 | Шабындық, 35,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 21 | Қоңырөлең ауылдық округі | 7,0 | Шабындық, 10,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 22 | Қоңырөлең ауылдық округі | 1,9 | Шабындық, 13,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 23 | Қоңырөлең ауылдық округі | 1,5 | Шабындық, 23,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 24 | Қоңырөлең ауылдық округі | 43,0 | Жайылым,2,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 25 | Қоңырөлең ауылдық округі | 223,0 | Жайылым,2,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 26 | Қоңырөлең ауылдық округі | 2,5 | Суармалы егістік,21,0 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 27 | Қоңырөлең ауылдық округі | 3,0 | Суармалы егістік,21,0 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 28 | Қоңырөлең ауылдық округі | 40,0 | Жайылым,2,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 29 | Қоңырөлең ауылдық округі | 300,0 | Жайылым,2,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 30 | Бірлік ауылдық округі | 24,0 | Жайылым,16,6 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 31 | Бірлік ауылдық округі | 21,5 | Жайылым,5,2 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 32 | Бірлік ауылдық округі | 53,0 | Жайылым,6,4 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 33 | Бірлік ауылдық округі | 40,0 | Жайылым,15,1 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 34 | Бірлік ауылдық округі | 25,0 | Жайылым,11,9 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 35 | Бірлік ауылдық округі | 15,0 | Суармалы егістік,6,8 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 36 | Бірлік ауылдық округі | 5,0 | Жайылым,5,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 37 | Бірлік ауылдық округі | 4,0 | Жайылым,28,9 | 10 жылға | | |
| 38 | Басқұншы ауылдық округі | 3,0 | Суармалы егістік,10,0 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 39 | Басқұншы ауылдық округі | 1,8 | Суармалы егістік,42,0 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 40 | Басқұншы ауылдық округі | 0,5 | Суармалы егістік,18,0 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 41 | Басқұншы ауылдық округі | 5,0 | Жайылым, 10,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 42 | Басқұншы ауылдық округі | 5,0 | Жайылым, 14,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 43 | Басқұншы ауылдық округі | 5,0 | Жайылым,5,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 44 | Басқұншы ауылдық округі | 5,0 | Жайылым,44,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 45 | Басқұншы ауылдық округі | 36,0 | Жайылым, 14,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 46 | Басқұншы ауылдық округі | 183,0 | Жайылым, 14,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 47 | Басқұншы ауылдық округі | 2,0 | Суармалы егістік,6,0 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 48 | Басқұншы ауылдық округі | 0,5 | Суармалы егістік,24,0 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 49 | Басқұншы ауылдық округі | 0,5 | Суармалы егістік,18,0 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 50 | Басқұншы ауылдық округі | 1,3 | Суармалы егістік,18,0 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 51 | Басқұншы ауылдық округі | 11,0 | Жайылым,42,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 52 | Басқұншы ауылдық округі | 1,8 | Суармалы егістік,12,0 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 53 | Үлкенағаш ауылдық округі | 6,0 | Суармалы егістік,18,9 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 54 | Үлкенағаш ауылдық округі | 7,2 | Суармалы егістік,19,2 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 55 | Үлкенағаш ауылдық округі | 70,0 | Жайылым,2,8 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 56 | Үлкенағаш ауылдық округі | 234,0 | Жайылым,2,8 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 57 | Үлкенағаш ауылдық округі | 3,6 | Суармалы егістік2,8 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 58 | Үлкенағаш ауылдық округі | 5,0 | Жайылым,4,6 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 59 | Талды ауылдық округі | 150,0 | Жайылым,14,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 60 | Талды ауылдық округі | 4,0 | Суармалы егістік,4,0 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 61 | Талды ауылдық округі | 250,0 | Жайылым,12,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 62 | Талды ауылдық округі | 158,0 | Жайылым,9,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 63 | Талды ауылдық округі | 158,0 | Жайылым,9,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 64 | Талды ауылдық округі | 158,0 | Жайылым,9,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 65 | Талды ауылдық округі | 158,0 | Жайылым,9,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 66 | Талды ауылдық округі | 161,0 | Жайылым,9,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |

Жабық конвертке салынған конкурстық ұсыныстар Жаркент қаласы, Головацкий көшесі 131, мекен жайда аудандық ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінде қабылданады. Өтінімдерді 2026 жылдың 18 мамырдан қабылданады соңғы күні 2026 жылдың 05 маусым сағат 18-00 ға дейін. Қосымша ақпарат және анықтамаларды 8 -7 28 -31-5-11-36 телефон арқылы алуға болады.

## Ақпараттық хабарландыру

**Панфилов ауданының әкімдігі 2026 жылдың 10 маусымында сағат 10.00-де Жаркент қаласы, Головацкий көшесі 129, 2-қабат 200 кабинетте шаруа немесе фермер қожалығын ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізеді**

| № лоттар | Орналасқан жері | Алаңы, га. | а/ш жерінің түрі, балл бонитеті | Жалға беру мерзімі | Су көздерімен қамтасыз етілуі | Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Талды ауылдық округі | 146,0 | Жайылым,9,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 2 | Талды ауылдық округі | 140,0 | Жайылым,12,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 3 | Талды ауылдық округі | 40,0 | Жайылым,13,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 4 | Талды ауылдық округі | 18,0 | Жайылым,9,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 5 | Талды ауылдық округі | 30,0 | Жайылым, 13,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 6 | Талды ауылдық округі | 53,0 | Жайылым, 13,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 7 | Талды ауылдық округі | 200,0 | Жайылым,9,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 8 | Талды ауылдық округі | 40,0 | Жайылым,13,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 9 | Талды ауылдық округі | 60,0 | Жайылым,27,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 10 | Талды ауылдық округі | 25,0 | Жайылым,9,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 11 | Айдарлы ауылдық округі | 20,0 | Жайылым,2,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 12 | Айдарлы ауылдық округі | 200,0 | Жайылым,3,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 13 | Айдарлы ауылдық округі | 5,0 | Жайылым,3,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 14 | Айдарлы ауылдық округі | 140,0 | Жайылым,2,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 15 | Айдарлы ауылдық округі | 250,0 | Жайылым,2,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 16 | Айдарлы ауылдық округі | 300,0 | Жайылым,1,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 17 | Айдарлы ауылдық округі | 246,0 | Жайылым,1,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 18 | Айдарлы ауылдық округі | 200,0 | Жайылым,1,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 19 | Атамекен ауылдық округі | 9,0 | Жайылым,13,8 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 20 | Атамекен ауылдық округі | 14,0 | Жайылым,4,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 21 | Атамекен ауылдық округі | 40,0 | Жайылым,4,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 22 | Атамекен ауылдық округі | 5,0 | Жайылым,33,6 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 23 | Атамекен ауылдық округі | 5,0 | Жайылым,13,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 24 | Атамекен ауылдық округі | 1,8 | Жайылым,31,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 25 | Атамекен ауылдық округі | 1,56 | Жайылым,33,6 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 26 | Атамекен ауылдық округі | 2,0 | Суармалы егістік,33,1 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 27 | Сарыбел ауылдық округі | 5,4 | Жайылым,13,2 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 28 | Сарыбел ауылдық округі | 30,0 | Жайылым,12,7 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 29 | Сарыбел ауылдық округі | 33,0 | Жайылым,13,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 30 | Сарыбел ауылдық округі | 90,0 | Жайылым,14,1 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 31 | Сарыбел ауылдық округі | 5,0 | Жайылым,12,7 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 32 | Сарыбел ауылдық округі | 13,0 | Жайылым,8,4 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 33 | Сарыбел ауылдық округі | 24,0 | Жайылым,9,1 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 34 | Сарыбел ауылдық округі | 18,0 | Жайылым,8,4 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 35 | Сарыбел ауылдық округі | 100,0 | Жайылым,11,3 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 36 | Сарыбел ауылдық округі | 100,0 | Жайылым,11,3 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 37 | Сарыбел ауылдық округі | 20,0 | Жайылым,8,6 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 38 | Сарыбел ауылдық округі | 5,0 | Жайылым,32,5 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 39 | Сарыбел ауылдық округі | 4,0 | Суармалы егістік,29,2 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 40 | Сарыбел ауылдық округі | 2,0 | Суармалы егістік,32,5 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 41 | Сарыбел ауылдық округі | 1,4 | Суармалы егістік,37,9 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 42 | Сарыбел ауылдық округі | 6,0 | Суармалы егістік,21,2 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 43 | Сарыбел ауылдық округі | 2,0 | Суармалы егістік,17,2 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 44 | Шолакай ауылдық округі | 28,0 | Жайылым,3,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 45 | Шолакай ауылдық округі | 5,0 | Жайылым,11,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 46 | Шолакай ауылдық округі | 3,3 | Жайылым,16,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 47 | Шолакай ауылдық округі | 26,0 | Жайылым,10,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 48 | Шолакай ауылдық округі | 5,5 | Жайылым,13,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 49 | Шолакай ауылдық округі | 5,0 | Жайылым,1,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 50 | Шолакай ауылдық округі | 8,0 | Суармалы егістік,30,0 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 51 | Шолакай ауылдық округі | 3,0 | Жайылым,15,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 52 | Шолакай ауылдық округі | 2,0 | Шабындық, 4,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 53 | Шолакай ауылдық округі | 1,2 | Шабындық, 15,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 54 | Коктал ауылдық округі | 5,5 | Жайылым,23,8 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 55 | Үшарал ауылдық округі | 16,0 | Жайылым,7,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 56 | Үлкеншыған ауылдық округі | 85,0 | Жайылым,4,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 57 | Үлкеншыған ауылдық округі | 7,7 | Жайылым,11,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 58 | Үлкеншыған ауылдық округі | 6,0 | Суармалы егістік,9,0 | 10 жылға | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 59 | Үлкеншыған ауылдық округі | 5,0 | Жайылым,11,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 60 | Атамекен ауылдық округі | 11,2 | Жайылым,2,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |
| 61 | Атамекен ауылдық округі | 8,3 | Жайылым,3,0 | 10 жылға | | Мамандандырылған |

Жабық конвертке салынған конкурстық ұсыныстар Жаркент қаласы, Головацкий көшесі 131, мекен жайда аудандық ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінде қабылданады. Өтінімдерді 2026 жылдың 18 мамырдан қабылданады соңғы күні 2026 жылдың 05 маусым сағат 18-00 ға дейін. Қосымша ақпарат және анықтамаларды 8 -7 28 -31-5-11-36 телефон арқылы алуға болады.

# Өмір шахмат сияқты

Біздің аудан мектептерінде де балалар арасындағы шахматтан жарыс өткізіліп, жақсы нәтиже көрсетуде.

Жетісу облыстық білім басқармасы “дене тәрбиесі, спорт, алғашқы әскери дайындығы және қосымша білім берудің ғылыми-тәжірибелік орталығы облыстық ұлттық мектеп лигасы 5-6 сынып арасында Талдықорған қаласында шахматтан жарыс өткізді. Бұл жарысқа шахматтан аудандық жарыс деңгейінде 1- орын алған Головацкий атындағы орта мектеп оқушылары жолдама алды.

- Осы мектептің дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы Еділ Жұмақанұлы Қожамқұлов өзі дәріс беретін 5”а” сынып оқушылары Ахмедияр Байтұрсын, Аян Темірхан, Дияс Жұмақан, Серік Еркеназ, Дарын Тұрдахан қатынасып, командылық ойын бойынша 2-орынға ие болып, кубокқа иеленді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында жастардың - болашағымыз екені, олардың бұқаралық спортпен тұрақты шұғылданып, денсаулықтарының мықты, оқуда үздік болуы жөнінде айтылған.

Қазақ халқы ежелден:- “Баланы 5 жасқа дейін патшадай сыйла, 5 жастан 14 жасқа дейін құлдай жұмса, 14 жастан кейін дос ындай сыйлас деп, бекер айтпаған.

Шахмат ойыны баланың ой-өрісін кеңейтеді, баланың логикасын дамытады.

Қазір қазақ жастары шахматтан әлем чемпионатына қатынасып жүр. Мысалы Бибисара Асаубаева әлемдік рейтингте шахматтан Гран При- ді жеңіп алып жеңімпаз атанды.

-Балалардың күні бойы компьютер мен смартфонның кесірінен көз аурулары мен қоса түрлі зақым алып,уақыттарын босқа өткізіп жүрген балаларға таптырмас ойын-шахмат ойыны. Осындай ойын арқылы баланы тәрбиелеу өте жақсы нәтиже береді. Гаджит анау-мынау балаға жөні түзу үлгі-өнеге бермейді,- дейді Еділ Жұмақанұлы.

Шынында да,шахмат ойнап отырған сәтте балалардың нұрлы жүздері айдай жарқырап, сабырлы болуға, ойлануға, әдептілікке, ізгілікке тәрбиелейтін ойын.

Мектепте жас жеткіншектерспорттың сан алуан түріне қатынасып, бос уақыттарын дұрыс өткізуге , ата-ананы қадірлеуге үйрететін де ұстаздар қауымы.

Баланы өмірдің дұрыс жолына қойып, кеңпейілділік, имандылық тұрғысынан тәрбиелесе,барлық әлем бауырластықтың алтын бесігіне айналар еді.

Николай Никитич Головацкий кезінде аудан тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз етіп, колхозшылардың барлық жағдайын жасаумен бірге, спортқа да көп көңіл бөлетін.

Бұдан 20-30 жыл бұрын “ Октябрьдің 40 жылдығы” атындағы колхозда Төлеген Кәрібаев жетекшілік ететін спорт үйірмесі жұмыс істейтін. Колхозда түрлі салада еңбек ететін жастарды ұйымдастырып, волейбол, баскетболдан аудандық, облыстық, республикалық деңгейде жарыстарға қатысатын жастар көп. Болатын. Солардың бірі- Шәріпбаевтар әулеті еді. Бейсеш,Жұмағали, Дүйсенғали, Азат, Күләйхан Шәріпбаевтар сол жарыстарға қатысып, Головацкийдің өзі осы жастарға бар мүмкіндікті жасап, ризашылығын білдіретін.

Енді сол кісінің ауылында спортшылар өркендеп, өсе берсін! Ия, өмірдің өзі де шахиат сияқты.

**Баққайша қажы Бұланбай қызы, журналист-ұстаз.**

## Жазғы сауықтыру нысандарына қойылатын санитарлық талаптар туралы

Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысы олардың денсаулығын нығайтуда, физикалық және психоэмоционалдық дамуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты жазғы сауықтыру нысандары санитарлық ережелер мен нормаларға (СанПиН) толық сәйкес болуы тиіс. Санитарлық талаптарды сақтау жұқпалы аурулардың алдын алуға, жарақаттану қаупін азайтуға және қауіпсіз демалысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жазғы сауықтыру нысандарының орналасуына қойылатын талаптар

Санитарлық ережелерге сәйкес:
сауықтыру нысандары экологиялық таза аймақта орналасуы;
өндірістік кәсіпорындардан, автожолдардан және шу көздерінен қашық болуы;
аумағы қоршалып, күзетілуі;
жасыл желекпен қамтамасыз етілуі тиіс.
Ғимараттар мен аумаққа қойылатын талаптар

Жазғы лагерь аумағында:
тұрғын корпустар, асхана, медициналық пункт, санитарлық тораптар бөлек орналасуы;
ғимараттар табиғи жарық пен желдетуге қолайлы болуы;
аумақ таза ұсталып, қоқыс арнайы орындарға жиналуы;
ойын және спорт алаңдары қауіпсіз материалдармен жабдықталуы қажет.
Тұрғын және санитарлық жағдайлар
СанПиН талаптары бойынша:
бөлмелерде балалар саны нормадан аспауы;
төсек-орын жеке болуы және таза күйде сақталуы;
күнделікті желдету мен тазалау жүргізілуі;
душ, дәретхана, қолжуғыш жеткілікті мөлшерде болуы;
ауызсу сапалы және қауіпсіз болуы міндетті.
Тамақтануға қойылатын санитарлық талаптар
Балаларды тамақтандыру кезінде:
тамақтану режимі сақталуы (күніне 4–5 рет);
тағамдар жас ерекшеліктеріне сай дайындалуы;
өнімдердің сапасы мен сақтау мерзімі қатаң бақылауда болуы;
ас блогында санитарлық-гигиеналық талаптар сақталуы;
персоналдың медициналық тексеруден өткен болуы талап етіледі.
Медициналық қамтамасыз ету
Жазғы сауықтыру нысандарында:
медициналық пункт міндетті түрде болуы;
алғашқы көмек көрсету құралдары жеткілікті болуы;
балалардың денсаулығы күнделікті бақылауда болуы;
жұқпалы ауру белгілері анықталған жағдайда оқшаулау шаралары жүргізілуі тиіс.

Қауіпсіздік және тәрбие жұмыстары

Санитарлық ережелерге сәйкес:
балалардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз жағдай жасалуы;
су айдындары тек рұқсат етілген жерде пайдаланылуы;
тәрбиешілер мен жетекшілердің жеткілікті саны қамтамасыз етілуі;
күн тәртібі жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылуы қажет.
Жазғы сауықтыру нысандарына қойылатын санитарлық талаптарды сақтау балалардың қауіпсіз әрі пайдалы демалысын қамтамасыз етеді. СанПиН нормаларына сай ұйымдастырылған лагерьлер балалардың денсаулығын нығайтып, олардың физикалық және психологиялық дамуына оң әсерін тигізеді. Сондықтан жазғы демалыс орындарының қызметі санитарлық бақылауда болуы тиіс.

## Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер

Қазіргі қоғамда өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау мен нығайту – ең маңызды міндеттердің бірі. Осы мақсатта білім беру жүйесінде «денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектеп» тұжырымдамасы кеңінен енгізілуде. Мұндай мектептердің басты мақсаты – оқушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік денсаулығын жақсартуға жағдай жасау.

Денсаулықты нығайтуға бағытталған мектептерде оқу үдерісі тек білім берумен шектелмей, оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға ерекше мән беріледі. Сабақ барысында қозғалыс белсенділігі, дұрыс тамақтану, жеке гигиена, зиянды әдеттердің алдын алу сияқты мәселелер тұрақты түрде түсіндіріліп отырады. Сонымен қатар спорттық жарыстар, денсаулық күндері, түрлі танымдық тренингтер мен акциялар ұйымдастырылады.

Мұндай мектептерде психологиялық қолайлы орта қалыптастыру да маңызды. Мұғалімдер мен ата-аналардың бірлескен жұмысы арқылы балалардың эмоционалдық жағдайы, өз-өзіне сенімділігі және қарым-қатынас мәдениеті дамытылады. Бұл өз кезегінде оқушылардың оқу үлгеріміне де оң әсер етеді.

Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектеп – бұл тек дене шынықтыру сабақтарының көбеюі емес, бүкіл мектеп өмірін қамтитын жүйелі жұмыс. Оқу кабинеттерінің жарық, таза болуы, қауіпсіз орта қалыптастыру, дұрыс күн тәртібін сақтау – осының барлығы оқушы денсаулығын сақтауға бағытталған.

Қорыта айтқанда, денсаулықты нығайтуға бағытталған мектептер – болашақ ұрпақтың дені сау, белсенді әрі білімді болып қалыптасуына ықпал ететін маңызды білім беру ортасы. Сондықтан мұндай тәжірибені кеңінен дамыту – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

**К. ИБРАИМОВ,**
**Панфилов аудандық СЭББ басшысы**
**А. РАХЫМБЕКОВА,**
**Панфилов аудандық СЭББ жетекші маманы.**

Ауданға ғана емес Одақ көлеміне танымал болған Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Н.Н.Головацкийдің туғанына биыл 114 толды. «Адал ұрпақ» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Н.Н.Головацкийдың өмірбаяны, еңбектері, марапаттарымен таныстыру мақсатында Головацкий мектебінің кітапханашылары 2 «Г» сынып жетекшісі Ақжарқын Утеновамен бірлесіп «Бақытын еңбектен тапқан» тақырыбында танымдық сынып сағатын мұражайда ұйымдастырды.

Сәнді саябақ ішінде орналасқан Головацкийдің қола мүсініне

## БАҚЫТЫН ЕҢБЕКТЕН ТАПҚАН

гүл шоқтарын қойып, оқушылар суретке түсті. «Дала академигі» тақырыбында өмірбаян желісімен түсірілген және көзі тірісінде түсірілген бейнебаян көрсетіліп, «Человек на земле», «Веление времени», «Тұғыры биік тұлға» атты кітаптарына шолу жасалды.Н.Н.Головацкийге арналған жергілікті ақындардың өлеңдерін оқушылар жатқа айтты.

Халқымыздың перзенті, екі мәрте Еңбек Ері, дала академигі, есімі Одақ көлеміне танымал болған тұғырлы тұлғаның қасиеті мен шарапаты біздерге үлкен күш - жігер беріп, ауылымыз қалаға қосылып, күннен күнге көркеюде. Бүкіл тіршілік иесінің басты әрі қасиетті жер ананың тесін идіртіп, ырысын молынан халқына ұсынған ғажайып жанды бүгінгі ұрпақ Н.Н.Головацкий есімін әрқашан еске алып, үлгі тұтамыз.

**Ш.ТҮГЕЛБАЕВА,**
**Головацкий атындағы орта мектептің кітапханашысы.**

## САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКИЕ ТРЕБОВАНИЯ К РАДИОТЕХНИЧЕСКИМ ОБЪЕКТАМ (РТО)

Установка и ввод базовой станции сотовой связи в эксплуатацию – длительный и подконтрольный процесс, который регулируется жесткими правилами на законодательном уровне Республике Казахстан.

Установка базовой станции разрешается только после получения санитарно – эпидемиологического заключения на проектные материалы, в котором отражены результаты расчетов ЭМП, указаны границы санитарно - защитной зоны и зоны ограничения застройки.

Вышки сотовой связи ни в коем случае не устанавливаются в местах, где это запрещено делать. Оборудование, предназначенное для обеспечения сетью сотовой связи населения, используется согласно разрешениям и уведомлениям эксплуатации радиоэлектронных средств, полученным в соответствии с законодательством РК в области связи.

СЭЗ выдается органами санитарно – эпидемиологической службы. Основными требованиями к размещению базовых станции на любых зданиях и сооружениях является обеспечение предельно допустимых уровней электромагнитного поля как в помещении, так и на территории (не более 10 МКВТ/см2).

После того как оборудование с антеннами установлено, проводятся измерения, чтобы убедиться в соблюдении нормы безопасности. То есть если базовая станция установлена в соответствии с нормативными требованиями, то ее работа безопасна для жизни и здоровья людей. Согласно требованиям СП «Санитарно – эпидемиологические требования к радиотехническим объектам» утвержденные Приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 28.02.2022 г. № ҚР ДСМ-19 (с изменениями утв. приказом Министра Здравоохранения РК от 05.04.2023 г. № 60), антенны базовой станции размещаются на уже существующих постройках любого типа и на специально сооружаемых мачтах. Для обеспечения качественной мобильной связи антенны базовой станции направляются таким образом, чтобы основная электромагнитная энергия от них была собрана в тонком луче и не пересекалась с близлежащими домами. Электромагнитную энергию излучает не вся базовая станция сотовой связи, а только ее антенны. В настоящее время трудно представить область науки и техники, где не использовались бы достижения радиотехников. Уже прочно вошло в быт не только звуковое и телевизионное вещание, но сотовая телефония, космическая телефония, персональные средства связи, пейджинговая связь, компьютерная радиоэлектроника, управление бытовыми приборами, управление наземными, морскими, воздушными транспортными средствами и др. Идет бурное развитие телеметрических систем, радиолокационных систем наземного, воздушного и космического базирования и систем связи с освоением новых радиочастотных диапазонов. Интенсивно ведутся работы по созданию техники связи в микроволновом диапазоне частот. С развитием цифровой техники актуальность использования радиотехнических и радиоэлектронных средств и систем не только не уменьшается, а увеличивается. К таким системам можно отнести системы цифрового, звукового телевизионного вещания.

## О безопасном применении в быту моющих и дезинфекционных средств

В современных условиях человек постоянно находится в окружении агрессивных химических веществ. Эта нагрузка складывается не только из производственных химических факторов и загрязнений окружающей среды. В большой степени она зависит от так называемой бытовой химии, в которой особое место занимают дезинфекционные средства различного назначения: антимикробные, кожные антисептики, инсектициды, родентициды.

Используемые в быту средства имеют различный химический состав и разное назначение. Это щелочи, кислоты, перекись водорода, хлорактивные соединения, моющие и дезинфицирующие вещества (поверхностноактивные, четвертичные аммониевые, амины, гуанидиновые), спирты (этиловый, пропиловый, изопропиловый), различные отдушки, красители и другие добавки. Средства могут быть в разных формах: жидкости, гели, порошки, таблетки, аэрозольные баллоны. Использование дезинфицирующих средств позволяет гражданам защитить себя от различных инфекций, передающихся контактным и воздушно-капельным путями. Для того чтобы сохранить трудоспособность и здоровье, необходимо соблюдать правила использования средств бытовой химии.

1. Читайте этикетку перед использованием. На каждой упаковке бытового средства есть этикетка, в которой указан химический состав, назначение, условия применения и хранения, меры предосторожности.

2. Не смешивайте. Категорически не рекомендуется самостоятельно смешивать бытовые средства разного состава. Взаимодействие химических веществ может вызвать не желательные и подчас опасные химические реакции. Если в быту смешать пищевую соду и 9% уксус, то получается известная реакция щелочи с кислотой при приготовлении теста. Но если соединить бытовую щелочь для прочистки канализационных труб с кислотой, то реакции будет столь бурной, что при попадании брызг в глаза можно лишиться зрения.

3. Осторожно – хлор! При соединении хлорактивных средств (гипохлорит натрия в виде растворов, цианураты в виде таблеток, хлорная известь, хлорамин) с кислотой можно получить быстрое выделение газообразного хлора, что опасно при вдыхании.

4. Используйте нелетучие соединения. Любое дезинфицирующее средство, предназначенное для обработки поверхностей в помещениях (пол, стены, двери, мебель, санитарно-техническое оборудование и т.д.), может оказывать влияние через органы дыхания (это ингаляционный путь). Для использования в быту рекомендуются нелетучие соединения.

5. Спиртсодержащие средства пожароопасны. Спиртовые растворы часто используют для обработки небольших поверхностей при малой норме расхода (до полного смачивания) во флаконах с распылителем или в форме аэрозоли. Они быстро испаряются, как и ненобходящие средства. Их используют в малых количествах, соблюдая требования не обрабатывать вблизи огня, включенных приборов или кухонной техники, нагретых объектов.

6. Берегите глаза и руки. Бытовые средства попадают в организм при тесном контакте через кожные покровы, либо с рабочими растворами, либо с обработанными поверхностями, обувью, бельём или одеждой, посудой, игрушками. В этих случаях важно знать степень раздражающего действия средства и возможность сенсибилизирующего эффекта. Используйте влагонепроницаемые перчатки чтобы избежать попадания средства на незащищенную кожу. Средства могут попадать в организм через слизистые оболочки глаз при испарении их с поверхностей, при разбрызгивании, при соприкосновении с загрязненными руками.

7. Берегите детей. Возможны случаи отравления при случайном проглатывании средства, если в быту не соблюдают условия хранения дезинфицирующих и бытовых средств и имеется доступ к ним детей. Попадание средства через рот – крайне редкий путь поступления в организм. Малые количества его могут попасть через посуду и игрушки (маленькие дети часто берут их в рот) после недостаточного отмыва и удаления средства. Обработанные объекты должны тщательно промываться под проточной водой. Особенно это касается игрушек.

8. Если в доме кто-то заболел. После дезинфекции посуды, которой пользуется больной, следует обязательно промывать её под проточной водой не менее именно того времени, которое указано на этикетке. Посудомоечные машины предусматривают тщательное споласкивание после моющего средства. Нательное белье, постельные принадлежности больного перед стиркой обрабатывают дезинфицирующим средством, затем прополаскивают в воде.

9. Запрещено – фенолы и альдегиды! Не разрешены для использования в быту средства, содержащие альдегиды и фенолы. Например, формальдегид, который обладает выраженным раздражающим действием на кожные покровы и слизистые оболочки, опасен при ингаляционном воздействии, является аллергеном, обладает специфическими и эмбриотоксическим действием.

**Динара МАХМУТОВА**
**Главный специалист Управления Сан-Эпид Контроля Панфиловского района.**

## Санитарно-гигиенические правила для парикмахерских услуг

Парикмахерские услуги – это уход за волосами путем их окрашивания, стрижки, укладки или наращивания для удовлетворения потребностей клиента и придания его внешнему виду свежести, ухоженности и красоты. Технология парикмахерских услуг – это целое искусство, плодами которого становятся удивительные образы. На ряду с этим парикмахеру необходимо тщательно проводить санитарно-гигиенические мероприятия. Парикмахерские услуги должны оказываться в образцовых санитарно-гигиенических условиях.

При применении приборов — фенов, сушуаров, горячей воды при мытье головы — создается дополнительный нагрев воздуха и увлажняется атмосфера в зале. Большое количество газообразных продуктов от применяемых средств при обработке волос требует хорошей вентиляции помещения. Мощность приточно-вытяжной вентиляции должна обеспечивать нормальные условия работы в залах.

В небольших парикмахерских вентиляцию осуществляют естественным путем через форточки, фрамуги, окна и т. д. Столы, кресла перед началом работы и после каждого клиента следует протирать влажной салфеткой, а после окончания работы — салфеткой, смоченной в дезинфицирующем растворе. Работы по уборке помещения, дезинфекции мебели следует производить в перчатках, чтобы предохранить кожу рук.

Существуют следующие санитарно-гигиенические правила для всех парикмахерских:

- Помещение парикмахерской должно быть отдельным, содержаться в чистоте и порядке, часто проветриваться.
- Парикмахерская должна иметь достаточное количество белья для каждого посетителя.
- Инструменты и приборы перед использованием и после каждого посетителя должны быть продезинфицированы и простерилизованы. Инструменты стерилизуются нагреванием в стерилизаторах, дезинфицируются согласно инструкциям по применению дезинфицирующих средств, разрешенных к применению в Республике Казахстан.
- Работники парикмахерских должны проходить медицинское обследование, иметь при себе медицинскую книжку с пройденным медицинским осмотрам.
- Парикмахерские должны иметь аптечку для оказания первой медицинской помощи.

**Ш.АХМЕТОВА,**
**Главный специалист УСЭК Панфиловского района.**

## Сапалы ауыз су – денсаулық кепілі

Су ағзадағы бүкіл тіршілік әрекетін реттеп отырады. Ол газ тәрізді, сұйық және қатты заттарды ерітуші болып табылады, сондай-ақ зат алмасу, ас қорыту жүйелерінің жұмысына қатысады. Сапалы ауыз су мөлдір, иіссіз және жағымды дәмді болуы керек. Сапасыз судың салдарынан адамдар холера, гепатит, дизентерия т.б жұқпалы аурулармен жиі ауырады. Панфилов ауданында ауыз су жерасты су көздерінен алынады. Жер асты су көздерінен жер үсті су көздерінен айырмашылығы сырттан судың ластануына жол берілмейді, әрі құрамы мен температурасы бірқалыпты болады. Ауыз судың сапасын қадағалап адам организміне зиянын болдырмау мақсатында Панфилов аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы нормативтік құжаттарды басшылыққа алып, жұмыс жасауда. Ауданымызды орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету қызметін «Панфилов су құбыры» мекемесі атқарады. Кәсіпорын бөлек ведомстволық зертханамен жабдықталған, халық тұтынып отырған ауыз судың сапасына күнделікті қадағалау жүргізіп отырады және аудандымыздағы «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау орталығының» филиалымен өндірістік бақылау жүргізу туралы келісім-шарт жасасқан, ауыз су сапасына толығымен санитариялық-химиялық және бактериологиялық зерттеулер жүргізілуде. Сонымен қатар, аудандымыздағы қала және барлық ауылдық шаруашылық ауыз су құбырларынан «Панфилов аудандық санитариялық-эпидемиологиялық басқармасының» мамандарымен ай сайын 40-50 сынама үлгілері аудандағы ауыз судың сапасына мемлекеттік тапсырыс шеңберінде мониторинг жүргізіліп, «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау орталығына» зертеуге ауыз су сынамалары алынып жіберіледі. Басқарма тарапынан аудан тұрғындарының сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілуіне, ауыз су арқылы таралатын жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында іс-шаралар жүргізуі жалғасын таба береді.

**Ш. АХМЕТОВА,**
**Панфилов аудандық СЭББ бас маманы.**

## Күнделікті өмірде жуу және дезинфекциялау құралдарын қауіпсіз пайдалану туралы

Қазіргі жағдайда адамдар үнемі агрессивті химиялық заттармен қоршалған. Бұл жүктеме тек өндірістік химиялық факторлар мен қоршаған ортаның ластануынан ғана емес. Көбінесе бұл тұрмыстық химия деп аталатын заттарға байланысты, онда әртүрлі мақсаттарға арналған дезинфекциялау құралдары ерекше орын алады: микробқа қарсы заттар, тері антисептиктері, инсектицидтер, родентицидтер.

Күнделікті өмірде қолданылатын өнімдердің химиялық құрамы әртүрлі, мақсаты әртүрлі. Бұл сілтілер, қышқылдар, сутегі асқын тотығы, хлорактивті қосылыстар, жуғыш және дезинфекциялық заттар (беттік белсенді заттар, төрттік аммоний, аминдер, гуанидин), спирттер (этил, пропил, изопропил), әртүрлі хош иістендіргіштер, бояғыштар және басқа да қоспалар. Өнімдер әртүрлі формада болуы мүмкін: сұйықтықтар, гельдер, ұнтақтар, таблеткалар, аэрозольдық банкалар. Дезинфекциялау құралдарын қолдану азаматтарға жанасу және ауа тамшылары арқылы берілетін әртүрлі инфекциялардан қорғануға мүмкіндік береді. Еңбекке қабілеттілік пен денсаулықты сақтау үшін тұрмыстық химияны қолдану ережелерін сақтау қажет.

1. Қолданар алдында жапсырманы оқыңыз. Тұрмыстық өнімнің әрбір қаптамасында химиялық құрамы, мақсаты, пайдалану және сақтау шарттары, сақтық шаралары көрсетілген заттаңба болады.

2. Араластырмаңыз. Түрлі композициялардың тұрмыстық өнімдерін өзіңіз араластыру қатаң ұсынылмайды. Химиялық заттардың өзара әрекеттесуі қажетсіз, кейде қауіпті химиялық реакцияларды тудыруы мүмкін. Үйде ас содасы мен 9% сірке суын араластырсаңыз, қамырды дайындаған кезде сілтінің қышқылмен белгілі реакциясын аласыз. Бірақ егер сіз кәріз құбырларын тазарту үшін тұрмыстық сілтіні қышқылмен біріктірсеңіз, реакция қатты болады, егер шашыраңқылар көзге түссе, сіз көруді жоғалтуыңыз мүмкін.

3. Абайлаңыз – хлор! Хлорактивті агенттерді (ерітінді түріндегі натрий гипохлориті, таблетка түріндегі циануараттар, ағартқыш, хлорамин) қышқылмен біріктіргенде хлор газының тез бөлінуі мүмкін, бұл ингаляция кезінде қауіпті.

4. Ұшпайтын қосылыстарды қолданыңыз. Ішкі беттерді өңдеуге арналған (еден, қабырғалар, есіктер, жиһаздар, санитарлық жабдықтар және т.б.) кез келген дезинфекциялық құрал тыныс алу жүйесі арқылы әсер етуі мүмкін (бұл ингаляция жолы). Тұрмыстық мақсатта ұшпа емес қосылыстар ұсынылады.

5. Құрамында спирті бар өнімдер өрт қаупі болып табылады. Алкоголь ерітінділері көбінесе спрей бөтелкелерінде немесе аэрозоль түрінде аз тұтыну жылдамдығымен (толық суланғанға дейін) шағын беттерді өңдеу үшін қолданылады. Олар көбік түзетін заттар сияқты тез буланып кетеді. Олар отқа жақын жерде өңделмеу талаптарын сақтай отырып, аз мөлшерде қолданылады, электр аспаптарын немесе ас үй құрылғыларын немесе қыздырылған заттарды қосады.

6. Көзіңізді және қолыңызды қорғаңыз. Тұрмыстық өнімдер денеге тері арқылы немесе жұмыс ерітінділерімен немесе өңделген беттермен, аяқ киіммен, зығырмен немесе киіммен, ыдыс-аяқпен, ойыншықтармен тығыз байланыс арқылы енеді. Мұндай жағдайларда өнімнің тітіркену дәрежесін және сенсибилизациялық әсер ету мүмкіндігін білу маңызды. Қорғалмаған теріге тиіп кетпеу үшін су өткізбейтін қолғапты пайдаланыңыз. Өнімдер беттерден буланған кезде, шашыраған кезде немесе ластанған қолдармен жанасқанда көздің шырышты қабаты арқылы денеге енуі мүмкін.

7. Балаларға қамқорлық жасаңыз. Үйде дезинфекциялау құралдары мен тұрмыстық бұйымдарды сақтау жағдайлары сақталмаса және оларға балалардың қолы жетсе, препаратты кездейсоқ жұту салдарынан улану жағдайлары мүмкін. Препаратты ауыз арқылы қабылдау - ағзаға енудің өте сирек жолы. Оның аз мөлшері ыдыс-аяқтар мен ойыншықтар арқылы (кішкентай балалар оларды жиі аузына салады) өнімді жеткіліксіз жуу және алып тастау арқылы өтуі мүмкін. Өңделген заттарды ағынды сумен мұқият жуу керек. Бұл әсіресе ойыншықтарға қатысты.

8. Үйде біреу ауырса. Науқас пайдаланатын ыдыстарды зарарсыздандырғаннан кейін, оларды ағынды сумен кем дегенде жапсырмада көрсетілген уақыт ішінде шаюды ұмытпаңыз. Ыдыс жуғыш машиналар жуғыш заттан кейін мұқият шаюды қажет етеді. Жуар алдында науқастың іш киімі мен төсек-орындары дезинфекциялаушы затпен өңделеді, содан кейін сумен шайылады.

9. Тыйым салынған: фенолдар мен альдегидтер! Құрамында альдегидтер мен фенолдар бар өнімдер тұрмыста қолдануға рұқсат етілмейді. Мысалы, теріге және шырышты қабаттарға айқын тітіркендіргіш әсері бар формальдегид ингаляция кезінде қауіпті, аллерген болып табылады, спецификалық және эмбриотоксикалық әсер етеді

**Д. МАХМУТОВА**
**Панфилов аудандық СЭББ бас маманы.**

## Жеміс ағаштарын зиянкестерден қорғайық

Аудан аумағында жеміс ағаштарын зақымдайтын зиянкестердің көптеген түрлері бар.

Зиянкестер жеміс ағаштарының барлық мүшелерін (бүршігін, жапырағын, гүлін, бұтағын, діңін, тамырын) зақымдайды. Қатты зақымдалған жеміс ағаштары әлсіреп, дұрыс өспейді. Келесі жылы өнімі төмендейді. Ағаштардың жемісін зақымдайтын зиянкестер де көп шығынға ұшыратады. Көптеген зиянкестер (биттер, қандалалар, цикадалар, зауза қоңызының құрттары, егеушілер, жеміс жемірлері) жеміс ағаштарына вирус және саңырауқұлақ ауруларын жұқтырушы да болып есептеледі.

Алма жемірі- (Laspeyresia pomonella L) Қабыршақ қанаттылар (Lepidoptera) отрядының жапырақ ширатқыштар (Tortricidae) тұқымдасына жатады. Көбелектің жетіліп қоректенуін тоқтатқан құрттары алма ағашының діңі мен бұтақтарының өлі қабықтарының астында, жапырақтарында, кеуектерінде жерге түскен жапырақтардың және басқа өсімдік қалдықтарының арасында, сонымен қатар жеміс сақтайтын орындарда қыстап шығады. Көктемде жұлдызқұрттар қыстап шыққан орындарында қуыршаққа айналады. 2-3 жетіден соң қуыршақтардан көбелектер ұшып шығады.Әдетте олардың ұшу мерзімінің басталуы алма ағашының гүлдену кезеңінің аяқ кезіне тура келеді. Қуыршақтан шыққан соң бірнеше күннен кейін көбелектер жұмыртқалауға кіріседі. Жұмыртқаларын бір-бірлеп алғашында жапыраққа, одан соң жеміс түйіндеріне салады. Көбелектер кешке қарай күн батқан соң және түнде ұшады.Ауа райының жылылығы 16 С төмен болатын салқындау күндері көбелектер жұмыртқалауын тоқтатады. Әрбір ұрғашы көбелек өз өмірінде 100 және одан да көп жұмыртқа салады.Оншақты күн өткен соң жұмыртқадан жұлдызқұртар шығады.Олар дереу немесе 1-2 сағаттан кейін жемістің қабығын кеміріп, жұмсақ ұлпасына енеді де онда тұқым дәнегіне қарай жол салып, жемістің тұқымдарымен қоректенеді. Одан соң келесі жеміске көшеді. Жұлдызқұрттардың қоректенуі 25-30 күнге созылады.Осы мерзім ішінде әрбір жұлдызқұрт 3-4 жемісті зақымдайды.Дамуы аяқталған жұлдызқұрттар қоректенуін тоқтатып, жемістен шығады да, ағаштың өлі қабықтарының астында, жарықтарында және басқа орындарда қуыршаққа айналады.

Қуыршақтану кезеңі басталған соң 10-15 күннен кейін жаңа ұрпақтың көбелектері ұшып шығады. Олар жұмыртқаларын көбінесе жемістің үстіне салады. Бұл ұрпақтың жұлдызқұрттары жемісті кеміріп, ішіне жол салып енеді де оның тұқымдарымен қоректенеді. Зақымдалған жеміс түйінектері пісіп жетілмей төгіліп қалады, пісуі жеткен кезде зақымдалғандары сақтауға төзімсіз келеді.Алма жемірі республиканың оңтүстігінде жылына 3, оңтүстік- шығысында 2,ал батыс, орталық және солтүстік аймақтарды бір ұрпақ беріп дамиды.

Қара өріктің жеміс жемірі –Сливовая плодожорка. Жұлдызқұрттар пілләнің ішінде, ағаш діңінің төменгі жағында қабық астында немесе ағаш жарықшақтарында, кейде топырақтың үстіңгі қабатында немесе өсімдік қалдықтарының астында қыстайды. Көктемде өріктің гүлдеу кезінде, жұлдызқұрттар қуыршақтанып, 10-12 күннен соң көбелектер ұшып шығады.Көбелектер кешқұрым кезде, ауа температурасы 16-18 С-де белсенді болады.Ұшып шыққаннан соң 3-5 күннен кейін жұмыртқалайды.

Аналық көбелектің өсімталдығы 40-90 жұмыртқа, 6-8 күннен соң жұмыртқалардан жұлдызқұрттар шығып, өріктің жас жемістерінің ішіне кеміріп кіреді де, оның жұмсағын жейді. Тесіктерді өрмекпен немесе желінген қалдықтармен жабады. Жұлдызқұрт кірген жерден мөлдір түсті шайыр ағады, ол жемістің бетінде қатып қалады. Ондай жемістер күлгін реңденіп, түсіп қалады. Бір жұлдызқұрт өзінің даму кезеңінде 2-4 жемісті зақымдай алады. Кейбір жылдары қара өрік 60-70% дейін зақымдалып, сапасы төмендейді.

Жұлдызқұрттың дамуы 17 күннен 30 күнге дейін созылады. Қоректенуін тоқтатқан жұлдызқұртттар , 30-40 күннен кейін құлап қалған қабықшалардың немесе топырақтың үстіңгі қабатына жорғалап барып, сол жерде қуыршақтанады. Екі аптадан соң қуыршақтардан көбелектердің екінші ұрпағы пайда болады. Оңтүстік- шығыста қара өріктің жеміс жемірі екі, ал оңтүстікте үш, солтүстік аймақта бір ұрпақ береді.

Қара өріктің жеміс жемірінің ЭЗШ-і -2-3 % зақымдалған жеміс.

Жеміс ағаштарының зиянкестерімен күрес шаралары. Жеміс салатын бақтарды кенелердің, қаланшалылардың, жапырақ бүргешіктерінің және биттердің қыстайтындары мекендеген жағдайда ағаштарды, олардың түбіндегі топырақ үстін ҚР аумағында қодануға рұқсат берілген препараттардың біреуімен өңдеп бүркеді.

Бұл шараны 2-3 жылда бір рет орындау керек. Жұмсалатын сұйықтық мөлшері гектарына 2000 литрге дейін болады.

Жеміс ағаштары гүлдегенге дейін алма күйесінің, долана және шаңқан көбелектерінің жұлдызқұрттарына қарсы бақты ҚР аумағында қолдануға рұқсат берілген препараттармен өңдейді. Алма ағашының жемістері кеш пісетін сорттарының гүлдену кезеңі өткеннен кейін 15-18 күн өткен соң(шамамен алғанда) яғни алма жемірінің көбелектері (көктемгі ұрпағының) ұша бастағаннан кейін 10 күн өткен соң, ҚР аумағында қолдануға рұқсат берілен препараттармен өңдейді. Химиялық өңдеуден кейін 10-14 күн өткен соң өңдеу жұмыстары кем дегенде 1-3 рет қайталануы керек.

Шілде айының басында жеміс жемірлерінің 2-ші ұрпағына қарсы өңдеу жұмыстары кем дегенде (мысалы алманың, қара өріктің күзгі сұрыптарына) 1-2 рет жүргізілуі тиіс. Бірақ есте сақтайтын бір жайт қандайда химиялық өңдеу жұмыстары, жемістердің пісуіне 30 күн қалғанда тоқтатылуы керек. Және барлық химиялық өңдеу жұмыстарында техника қауіпсіздігі қатаң сақталуы қажет.

**Б. ӨМІРЗАҚОВ,**
**«РФДжәнеБӘО»РММ Панфилов аудандық филиалы энтомолог.**

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

## АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының құрылғанына 102 жыл толуына арналған салтанатты шарада “Застава тарландары” РҚБ төрағасы генерал-майор М.Сабидолданов Жаркент шекара отрядының ең жасы үлкен ардагері, отставкадағы майор Владимир Байромянға құттықтау адресі мен ақшалай сыйлық табысталды. Бұл – оған жалпы ардагерлер ұйымына қосқан елеулі үлесінің жоғары бағасы.

Ардагердің ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі және жас ұрпақты тәрбиелеудегі еңбегі ерекше құрметке лайық.

## ШЕКАРА БАСҚАРМАСЫНЫҢ 102 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕСІ



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының құрылғанына 102 жыл толуына арналған салтанатты шара өтті.

Аталған іс-шара шекара қызметінің қалыптасу тарихын дәріптеу, әскери дәстүрлерді насихаттау және жас буынға патриоттық тәрбие беру мақсатында ұйымдастырылды.

Салтанатты жиын барысында шекара басқармасының қызметтік жолы мен жетістіктері атап өтіліп, қызметте ерекше көзге түскен әскери қызметшілер марапатталды. Сонымен қатар, ардагерлерге құрмет көрсетіліп, олардың ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі еңбегі ерекше атап өтілді.

Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй мен рухани әсер сыйлады.

## ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ӘСКЕРИ-СПОРТТЫҚ ЭСТАФЕТА ӨТТІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасы шекаралық бақылау бөлімдерімен бірлесіп, тоғыз мектептің 10–11 сынып оқушылары арасында әскери-спорттық эстафета ұйымдастырды.

Эстафета барысында оқушылар түрлі әскери-спорттық сынақтардан өтіп, шапшаңдықтары мен төзімділіктерін көрсетті. Сонымен қатар, ҚР ҰҚК Шекара қызметі академиясы оқуға түсуге ниетті үміткерлерге қабылдау шарттары мен талаптары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, қатысушыларға тың серпін мен патриоттық жігер сыйлады.

## «Нұр жолы» өткізу пунктінде мектеп оқушыларына экскурсия ұйымдастырылды

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасы «Нұр жолы» өткізу пункті аумағында Ы. Алтынсарин атындағы орта мектеп оқушылары үшін таныстыру экскурсиясы ұйымдастырылды.

Экскурсия барысында мектептің профориентологы Елдана мен әдеп-құқық менторы Айдана Бейсенғалиқызының жетекшілігімен оқушылар Шекара қызметінің күнделікті қызметімен танысып, шекаралық бақылау үдерістері мен қызметтік міндеттер туралы толық ақпарат алды.

Сонымен қатар, іс-шара аясында оқушылармен шекарашы мамандығының ерекшеліктері туралы әңгіме жүргізіліп, оларды болашақта осы салада қызмет атқаруға шақыру бағытында кәсіби бағдар беру жұмыстары өткізілді.

**ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті.**

## ӘКЕШІМ - АСҚАР ТАУЫМ



Әулиеағаш ауылында туып-өскен асқар таудай әкеміз **Баймырзаев Баймұқаны** сағына еске аламыз. Балалық шағы Ұлы Отан соғысымен қатар келген әкемізді тылдағы еңбек ерте есейтіпті.

Алдымен Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті және қазіргі Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжін, мұнан соң ҚазПИ-дің тарих факультетін бітірді. Әкеміз тылдағы және білім беру саласындағы еңбектері үшін бірнеше рет орден - медальдарымен, «Мақтау қағаздарымен» марапатталды. Асыл жар, балаларының қамқоршысы бола білген әкеміздің жаны жәннатта болып, пейіште нұры шалқысын деп Алладан тілейміз.

Сондай-ақ әкеміздің рухына мына өлең шумақтарын арнаймыз:

Білемін енді қайтып келмейсің де,
Мен үшін өлген жоқсың өлмейсің де.
Қара жерге денеңді берсем -дағы,
Бере алмаспын күлкің мен нұр бейнеңді.
Әкешім, әкетайым, асқар тауым,
Сағындық қой өзіңді барша қауым.
Айтқан ән, шерткен күйің жадымызда,
Ақыл сөз осылар ғой барымыз да,
Иманың кәміл болсын деп тілейік,
Есендікпен еске алып, жүрейік.

**Еске алушылар: Астана қаласынан немерелері Рафик, Әйгерім, Нұрсұлтан,** қызы **- Ләззат, күйеу баласы** және **балалары** мен **Баймырзаевтар әулеті.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Nomade Invest» ЖШС «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА-да «Nomade Invest» ЖШС инженерлік коммуникациялары бар көлік-логистикалық кешен салу»» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» жобасы бойынша ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды, оның ішінде пайдалану кезеңіне арналған РЕШН, ҚББ, ӨЭББ, ТҚІШЖ жобалары.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылғы 25 мамырда сағат 15:00-де мына мекенжай бойынша өтеді: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Атамекен ауылдық округі, Атамекен ауылы, Омар Мұхамади көшесі, 12, «Панфилов ауданы Атамекен ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимараты.

Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың шешімі бойынша ашық жиналыс өткізу мерзімі қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Әсер ету аумағы: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Атамекен ауылдық округі, Атамекен ауылы.

Учаскенің географиялық координаттары: 44° 11.053 ‘с. е. 80° 15.340’ ш. б.

Төтенше жағдай және (немесе) карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы шектеу шаралары енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: https://us04web.zoom.us/j/9063978907?pwd=a1RVRlI1UVZERTBXY0NJZTFTUG4yQT09&omn=71318948608

Конференция идентификаторы: 906 397 8907. Қатынас коды: 11111.

Бастамашы: «Nomade Invest» ЖШС, БСН: 180840030203, мекен-жайы: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Атамекен а.о., Атамекен ауылы, есеп кварталы 85, 1337 ғимарат, тел.: +77761181800, эл. мекен-жайы: info@nomadeinvest.kz.

Құжаттаманы әзірлеуші: «EcoDelo» ЖК, ЖСН: 930606450249, мекен-жайы: Астана қ., Б.Майлин к-сі, 19, 5 қабат, 502 кабинет, тел.: +77712764966, эл. мекен-жайы: m.abilgazina@ecodelo.kz.

Қосымша ақпарат алу үшін мекенжай мен байланыс нөмірі: Астана қ., Б.Майлин к-сі, 19, 5 қабат, 502 кабинет, тел.: +77085265393.

Жоба құжаттамасымен ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ сайтында https://hearings.ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының: https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural сайтында танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданады: https://hearings.ndbecology.gov.kz/, «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Жетісу облысы, 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай Батыр көшесі, № 26 үй. тел: 8(7282)32-92-67, priroda@zhetysu.gov.kz.

---

ТОО «Nomade Invest», объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний по проекту: «Раздел охраны окружающей среды к рабочему проекту «Строительство транспортно-логистического комплекса с инженерными коммуникациями ТОО «Nomade Invest» на территории СЭЗ «Хоргос-Восточные Ворота»» в том числе проекты НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ на период эксплуатации.

Общественные слушания состоится 25 мая 2026 года в 15:00 по адресу: область Жетісу, Панфиловский район, сельский округ Атамекен, с.Атамекен, ул.Омара Мухамади, 12, здание ГУ «Аппарат акима сельского округа Атамекен Панфиловского района».

Срок проведения открытого собрания продлевается до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Территория воздействия: область Жетісу, Панфиловский район, сельский округ Атамекен, с.Атамекен.

Географические координаты участка: 44° 11.053’ с.ш. 80° 15.340’ в.д.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Подключиться к конференции Zoom: https://us04web.zoom.us/j/9063978907?pwd=a1RVRlI1UVZERTBXY0NJZTFTUG4yQT09&omn=71318948608

Идентификатор конференции: 906 397 8907. Код доступа: 11111

Инициатор: ТОО «Nomade Invest», БИН: 180840030203, адрес: область Жетісу, Панфиловский район, с.о. Атамекен, с. Атамекен, Учетный квартал 85, здание 1337, тел.: +77761181800, эл. адрес: info@nomadeinvest.kz.

Составитель проекта: ИП «EcoDelo», ИИН: 930606450249, адрес: г. Астана, ул. Б. Майлина 19, 5 этаж, 502 кабинет, тел.: +77712764966, эл. адрес: m.abilgazina@ecodelo.kz.

Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу и номеру: г. Астана, ул. Б. Майлина 19, 5 этаж, 502 кабинет, тел.: +77085265393.

С проектной документацией можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ПР https://hearings.ndbecology.gov.kz/, а также на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования по области Жетісу: https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу: https://hearings.ndbecology.gov.kz/, ГУ «Управления природных ресурсов и регулирования природопользования по области Жетісу», обл. Жетісу, 040000, г.Талдыкорган, ул. Кабанбай Батыра, № 26, тел.: 8(7282)32-92-67, priroda@zhetysu.gov.kz.

## АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК (АСП) ТУРАЛЫ

Жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың, босқындардың, шетелдіктердің және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, азаматтығы жоқ адамдардың атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің есебіне сәйкес Жетісу облысы бойынша 2026 жылдың II тоқсанына кедейлік шегі 42862 теңге болып бекітілді.

Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адам (отбасы) атаулы әлеуметтік көмек туралы ақпарат алу үшін тұрғылықты жері бойынша мансап орталығына, ал тұрғылықты жері бойынша мансап орталығы болмаған жағдайда – кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне жүгінеді.

Атаулы әлеуметтік көмекке өтінішті «Egov» электронды порталы арқылы бере алады.

**Панфилов ауданының мансап орталығы филиалы.**

---

Жекеше нотариус Р.Мартепбаева 17.02.2026 жылы қайтыс болған **Бурлибаев Рахимбай Ахметжановичтің** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі №34 үй, 48 офиске немесе 5-11-22 хабарласуға болады.

Жекеше нотариус А.Ошанов 07.09.1996 жылы қайтыс болған **Балгабаева Кантай Оразаевнаның** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі №57 «д» үй немесе 87283150880, 87021950501 нөміріне хабарласуға болады.

Частный нотариус Л.С.Абирова просит сообщить в связи с оформлением наследственного дела по факту смерти **Рустамова Курбана Ахмедовича,** умершего 04.12.2025 года. Лиц претендующих на получение доли в его имуществе , прошу обратиться г. Жаркент, ул. Лутфуллина, 8/1, тел. 87074707090.

Жекеше нотариус Г.Байгуттиева 07.07.2012 жылы қайтыс болған **Токашева Маликенің** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы Жібек жолы №55, немесе 872831/55485, 87017504885 нөміріне хабарласуға болады.

Жекеше нотариус Г.Байгуттиева 27.03.2026 жылы қайтыс болған **Баудин Фарух Кахриманұлының** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы Жібек жолы №55, немесе 872831/55485, 87017504885 нөміріне хабарласуға болады.

Жекеше нотариус Р.Мартепбаева 10.11.2025 жылы қайтыс болған **Кабылбеков Талгат Бейсеновичтің** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі №34 үй, 48 офиске немесе 5-11-22 хабарласуға болады.

Жекеше нотариус Р.Мартепбаева 09.11.2025 жылы қайтыс болған **Бейбітұлы Еламанның** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі №34 үй, 48 офиске немесе 5-11-22 хабарласуға болады.

Жекеше нотариус Р.Мартепбаева 05.04.2026 жылы қайтыс болған **Естемесов Даулетбек Мухаметалиевичтің** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі №34 үй, 48 офиске немесе 5-11-22 хабарласуға болады.

Жекеше нотариус Г.Байгуттиева 10.07.2003 жылы қайтыс болған **Карипов Айтбайдың** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы Жібек жолы №55, немесе 872831/55485, 87017504885 нөміріне хабарласуға болады.

Частный нотариус Л.С.Абирова просит сообщить в связи с оформлением наследственного дела по факту смерти **Елекбаева Турдыгул Турлугожаевича**, умершего 04.09.2025 года. Лиц претендующих на получение доли в его имуществе , прошу обратиться г. Жаркент, ул. Лутфуллина, 8/1, тел. 87074707090.

Жекеше нотариус Р.Мартепбаева 07.02.2026 жылы қайтыс болған **Тохтахунова Урниса Таировнаның** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі №34 үй, 48 офиске немесе 5-11-22 хабарласуға болады.

Жекеше нотариус Г.Байгуттиева 07.03.2026 жылы қайтыс болған **Сарсенбекова Жаныл Ахановнаның** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы Жібек жолы №55, немесе 872831/55485, 87017504885 нөміріне хабарласуға болады.

Жекеше нотариус А.Ошанов 16.07.2019 жылы қайтыс болған **Оразбеков Бақыт Сабазовичтің** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі №57 «д» үй немесе 87283150880, 87021950501 нөміріне хабарласуға болады.

Частный нотариус Л.С.Абирова просит сообщить в связи с оформлением наследственного дела по факту смерти **Тойшибековой Кульбаги Искановны**, умершей 19.10.2025 года. Лиц претендующих на получение доли в ее имуществе , прошу обратиться г. Жаркент, ул. Лутфуллина, 8/1, тел. 87074707090.

Жекеше нотариус Г.Сарпекова 12.03.2026 жылы қайтыс болған **Коныбаева Загиранның** атына мұрагерлік іс ашылғанын хабарлайды. Мұрадан үлес алатын заңды мұрагерлер болса Жаркент қаласы, Жібек жолы көшесі №57 «д» үй немесе 87283155106, 87014120300 нөміріне хабарласуға болады.

---

«Жетісу облысы білім басқармасының Панфилов ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің “Б.Байбатшаев атындағы орта мектеп” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен кәсіподақ ұйымы осы мектептің кіші қызметкері Мақұлбекова Алмагул Таңжарыққызының інісі **ҚУАНДЫҚТЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

**_Меншік иесі «Жаркент өңірі» ЖШС_**

**БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: 041300 ЖАРКЕНТ ҚАЛАСЫ, ПАЩЕНКО КӨШЕСІ,14.**

**Электронды поштамыз: jarkent_oneri@mail.ru**

**Газеттің ресми сайты: jarkentoniri.kz**

**Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді**

**ДИРЕКТОР-БАС РЕДАКТОР БАҒДАТ БЕЙСЕНҚЫЗЫ АЙТМҰҚАЕВА**

**Құрылтайшы: Ж.М. НҰРМАНОВ**

**Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2021 жылдың 29 наурызында қайта есепке алынып, № KZ68VPY00033822 куәлігі берілген.**

**индекс: 66161**
**Телефондар: 9-33-05 9-33-06.**

**Газет қазақ, орыс, ұйғыр тілінде аптасына бір рет шығады. Көлемі 1 шартты баспа табақ**

**Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.**

Газет «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылады. Мекен - жайы: Алматы облысы, Іле ауданы Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі 2 «б» Осы шығарылымның таралымы: 6 790 дана.